

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік
(аудит жүргізілмеген)

*2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және
сол жылы аяқталған алты ай үшін*

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері туралы есеп

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп	1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп	4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп	5
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген)	6-28

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамның Акционері, Директорлар кеңесіне және басшылығына

Кіріспе

Біз «QazaqGaz» ҰҚ АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін жиынтық кіріс туралы тиісті аралық шоғырландырылған есеп, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты айлық кезең үшін капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражытының қоғалысы туралы тиісті аралық шоғырландырылған есептерден және таңдаулы түсіндірме ескертпелерден тұрады («аралық қаржылық ақпарат»). Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны шынайы етіп ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде бұл аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексеру көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «QazaqGaz» ҰҚ АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2022 жылғы 8 тамыз



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	4	973.712.690	997.880.307
Барлау және бағалау бойынша активтер		20.315.686	19.566.926
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		1.950.619	4.307.761
Материалдық емес активтер		5.565.775	6.240.856
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	5	772.730.338	687.216.423
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар	6	39.689.605	62.885.829
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	7	187.753.863	174.198.768
Өтелуге жататын ҚҚС	8	77.732.610	51.259.217
Кейінге қалдырылған салық активтері		814.369	890.484
Басқа да айналымнан тыс қаржы активтері		2.507.968	2.586.015
Басқа да айналымнан тыс активтер		117.779	535.110
Банк салымдары	9	2.962.351	3.216.905
		2.085.853.653	2.010.784.601
Айналымдағы активтер			
Қорлар	11	51.862.114	36.224.066
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	12	393.544.381	190.432.566
Алынатын дивидендтер	5	82.713.764	–
Берілген аванстар	6	7.185.907	17.453.918
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	7	2.623.344	2.461.648
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	8	35.203.217	35.843.465
Корпоративтік пайда салығы бойынша алдын ала төлем		13.724.455	4.582.882
Басқа да айналымдағы активтер		932.667	324.435
Банк салымдары	9	49.951.217	13.012.956
Ақша қаражаты мен оның баламалары	10	403.069.457	382.704.384
		1.040.810.523	683.040.320
Сатуға арналған активтер	13	–	40.377.593
		1.040.810.523	723.417.913
Активтердің жиыны		3.126.664.176	2.734.202.514

6-28 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	417.780.839	417.780.839
Қосымша төленген капитал		25.946.130	25.946.130
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.964.421	2.410.861
Бөлінбеген пайда		1.535.262.277	1.341.498.282
		1.981.953.667	1.787.636.112
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	336.245.935	308.957.063
Пайыздық қарыздар	16	183.131.130	151.609.971
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	17	15.830.892	14.693.646
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		480.394	454.433
Резервтер	18	55.736.517	92.146.847
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		4.242.436	4.393.483
Шарт бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі		11.649.716	11.564.233
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		83.640.667	79.222.667
		690.957.687	663.042.343
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	3.834.052	3.527.569
Пайыздық қарыздар	16	21.451.936	20.614.260
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	17	8.396.896	7.164.345
Резервтер	18	34.476.118	31.723.046
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	19	348.717.796	180.907.097
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы		5.809.950	95.443
Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар		4.430.514	3.134.294
Шарт бойынша міндеттемелер		8.974.201	8.569.659
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер		7.515.420	13.545.937
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		10.145.939	14.242.409
		453.752.822	283.524.059
Капитал мен міндеттемелер жиыны		3.126.664.176	2.734.202.514

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

А.М. Ақан

Бас бухгалтердің м.а.

Е.Н. Бокаев

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескерт.	30 маусымда аяқталған үш ай үшін (аудит жүргізілмеген)		30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	
		2022 жылғы	2021 жылғы	2022 жылғы	2021 жылғы
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	20	249.819.093	209.294.185	524.145.986	450.706.765
Өткізудің өзіндік құны	21	(190.308.532)	(164.298.461)	(424.645.284)	(317.547.265)
Жалпы пайда		59.510.561	44.995.724	99.500.702	133.159.500
Жалпы және өкімшілік шығыстар	22	(6.946.753)	(7.972.134)	(13.111.459)	(14.128.188)
Күтілетін несиелік зиян резервін (есептеу)/түзетпе жасау		(4.204.922)	188.371	(4.369.196)	(751.039)
Басқа да операциялық кірістер		1.689.856	15.060.541	2.197.558	16.758.403
Басқа да операциялық шығыстар		(518.813)	(491.777)	(804.086)	(871.536)
Операциялық пайда		49.529.929	51.780.725	83.413.519	134.167.140
Қаржылық кіріс	23	7.501.363	5.904.837	14.350.437	11.441.860
Қаржылық шығындар	23	(12.580.420)	(11.564.142)	(23.495.482)	(21.365.332)
Бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	5	91.531.849	81.451.928	169.267.965	157.058.851
Теріс бағамдық айырма, нетто		(33.730.936)	(5.423.097)	(25.321.972)	(4.438.480)
Салық салынғанға дейінгі пайда		102.251.785	122.150.251	218.214.467	276.864.039
Пайда салығы бойынша шығыстар	24	(13.280.628)	(12.174.432)	(24.450.472)	(23.111.933)
Салық салынғаннан кейінгі кезең үшін таза пайда		88.971.157	109.975.819	193.763.995	253.752.106
Басқа да жиынтық кіріс		26.985	102.711	553.560	130.025
Келесі кезеңдерде пайда және зиян құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс					
Шетелдік операцияларды қайта есептеу кезінде болған бағамдық айырмалар		26.985	102.711	553.560	130.025
Салықты шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны		88.998.142	110.078.530	194.317.555	253.882.131
Акцияға кіріс					
Бас компанияға келетін кезеңдегі акцияға арналған базалық және бөлінген пайда	14	0,24	0,29	0,52	0,68

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

А.М. Ақан

Бас бухгалтердің м.а.

Е.Н. Бокаев

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП	ҚОЗҒАЛЫСЫ	ТУРАЛЫ	АРАЛЫҚ
---	-----------	--------	--------

Мың теңгемен	Ескерт.	30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	
		2022 жылғы	2021 жылғы
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түсімдер		404.730.853	497.781.737
Алынған пайыздар		11.324.292	8.933.773
Салық органдарынан салықтардың қайтарылуы		23.082	47.598.872
Арбитраждық шешімге сай өнім жеткізушілерден түсімдер		–	134.750.060
Басқа да түсімдер		14.141.028	1.524.206
Өнім берушілерге төлемдер		(258.028.079)	(465.044.439)
Төленген табыс салығы		(23.031.436)	(1.466.715)
Басқа да салықтар және бюджет пен қорларға төлемдер		(28.280.046)	(22.362.488)
Төленген пайыздар		(18.727.960)	(15.588.848)
Жұмыскерлерге төлемдер		(30.918.582)	(24.153.864)
Басқа да төлемдер		(7.712.528)	(3.690.606)
Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		63.520.624	158.281.688
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Банк депозиттерін қайтару		9.476.600	1.365.578
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		2.330	40.906.459
Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер	5	27.058	58.251.774
Басқа да түсімдер		211.833	–
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	5	–	(210.139)
Айналымнан тыс қаржы активтерін сатып алу		(673.261)	(673.261)
Банк салымдарын орналастыру		(42.488.288)	(4.385.783)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(15.744.799)	(29.650.638)
Байланысты тараптарға қарыздар беру		(9.295.000)	–
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу		9.280.158	–
Инвестициялық қызметте (пайдаланылған) таза ақша ағындары		(49.203.369)	65.603.990
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Пайыздық қарыздарды және шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу		(14.541.247)	(9.410.457)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(4.106.849)	(4.217.530)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(18.648.096)	(13.627.987)
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма		24.695.914	471.570
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		20.365.073	210.729.261
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	382.704.384	246.299.557
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	403.069.457	457.028.818

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



А.М. Ақан

Бас бухгалтердің м.а.

Е.Н. Бокаев

6-28 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Валюталарды қайта есептеу резерві Есептілік	Бөлін- беген пайда	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілген)	417.780.839	25.946.130	2.028.278	942.677.368	1.388.432.615
Кезеңдегі таза пайда	–	–	–	253.752.106	253.752.106
Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс	–	–	130.025	–	130.025
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны	–	–	130.025	253.752.106	253.882.131
2021 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	417.780.839	25.946.130	2.158.303	1.196.429.474	1.642.314.746
2022 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілген)	417.780.839	25.946.130	2.410.861	1.341.498.282	1.787.636.112
Кезеңдегі таза пайда	–	–	–	193.763.995	193.763.995
Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс	–	–	553.560	–	553.560
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны	–	–	553.560	193.763.995	194.317.555
2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	417.780.839	25.946.130	2.964.421	1.535.262.277	1.981.953.667

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

А.М. Ақан

Бас бухгалтердің м.а.

Е.Н. Бокаев



**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)****2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін****1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ**

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания» немесе «QG») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп - «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ «ҚазТрансГаз» ҰК» акционерлік қоғамынан қайта аталды. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі - «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы (Астана), Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-үй мекенжайы бойынша тіркелген.

2020 жылғы 31 желтоқсанға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚазМұнайГаз» немесе «ҚМГ») «QG»-ның жалғыз акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкімет ҚазМұнайГаз-дың 90%-зы минус 1 (бір) акциясына иелік етеді және «ҚазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылды. 2021 жылғы 8 қарашада «Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сай «ҚазМұнайГаз» «QG» акциялары пакетінің 100%-ын «Самұрық-Қазына»-ның пайдасына иеліктен шығару мәмілесін жасады. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» «QG»-ның жалғыз акционері болып табылады, ал «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компания мен Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылады.

Үкіметтің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес QG газды өндіру және газбен камсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Топтың ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын сенімді қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистралдық құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және өндіру бағдарламасына қатысу.

Топтың операциялық қызметі *«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы»* Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі, өйткені Топ газды ішкі нарыққа тасымалдау және өткізу саласында монополист болып табылады. Заңға сай, Топтың газды ішкі нарыққа тасымалдау және өткізу бойынша тарифтерін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және қорғау жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.

2021 жылғы 30 маусымға Топтың 2021-2026 жылдарға бекітілген инвестициялық бағдарламалар бойынша 228.094.767 мың теңге мөлшерінде міндеттемелері бар (2021 жылғы 31 желтоқсан: 43.712.759 мың теңге).

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Компанияның бас бухгалтерінің міндеттерін атқарушы 2022 жылғы 8 тамызда шығаруға рұқсат етті.

Көмірсутектерді барлау және өндіру

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жамбыл облысының, Оңтүстік Қазақстан Аманкелді, Анабай, Айрақты және Құмырлы газ кеніштерін қоса алғанда, Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ ХХХІІІ-48, ХХХІІІ-49, ХХХІV-49, ХХХІV-50, ХХХІV-51, ХХХV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі - «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. Топ 2003 жылдың қарашасында Аманкелді газ кен орнында және 2014 жылдың желтоқсанында Жарқұм кен орнында газды өндіруді әрі оны өткізуді бастады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)**

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер көмірсутектің коммерциялық тиімді қорлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқығы бар.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі 34 ХБЕС «Аралық қаржылық есептілік» сәйкес дайындалды.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Еншілес ұйымдар

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған келесі ұйымдардың капиталына қатысты:

Атауы	Тіркелген жері	Негізгі қызмет	Үлес, %	
			2022 жылғы 30 маусым	2021 жылғы 31 желтоқсан
«Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА»)	Қазақстан	Газды тасымалдау және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету	100%	100%
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ Аймақ»)	Қазақстан	Газды жергілікті қуат өндірушілерге, заңды және жеке тұлғаларға өткізу	100%	100%
«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС	Қазақстан	Тасымалдау бойынша қызметтер	100%	100%
«Аманкелді Газ» ЖШС («Аманкелді Газ»)	Қазақстан	Табиғи газды және газ конденсатын өндіру	100%	100%
«Qazaq Gas Qurylys» ЖШС	Қазақстан	Табиғи газды және газ конденсатын барлау	100%	100%
«ҚазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ	Қырғызстан	«Бухараның газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистралдық газ құбырында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту	100%	100%
«КТГ Файнэнс Б.В.»	Нидерландтар	Қаржылық қызмет	100%	100%
«ҚазМұнайГаз Сервис-NS» АҚ	Қазақстан	Гольф-клубты салу және/(немесе) қызмет көрсету	100%	100%

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар**

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

Атауы	Тіркелген жері	Негізгі қызмет	Үлес, %	
			2022 жыл- ғы 30 маусым	2021 жылғы 31 желтоқ- сан
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС («АГҚ»)	Қазақстан	Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ»)	Қазақстан	Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«АвтоГаз» ЖШС («АГ»)	Қазақстан	Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету	50%	50%
«Отан Газ» ЖШС («ОГ»)	Қазақстан	Газды қайта өңдеу зауытын салу	50%	50%
«Түркістан ПМУ» ЖШС	Қазақстан	Электр беру және телекоммуникация желілерін салу және электр энергиясын бөлу	50%	–

2021 жылы Компания «PVH Development» ЖШС акцияларының 50%-ын 80 мың теңгеге сатып алды. Меншік құқығы қайта тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде қайта тіркеу процесі аяқталды және "PVH Development" ЖШС "Түркістан" ПМУ ЖШС болып қайта аталды.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады. 2022 жылғы 30 маусымға Қазақстан қор биржасының валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 470,34 теңгеге және 1 ресей рублі үшін 8,98 теңге болды. Бұл бағамдар 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша АҚШ доллары мен ресей рублінде көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ доллары мен ресей рублінде білдірілген бағамдар 431,8 теңге және тиісінше 5,76 теңге болды).

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық шоғырландырылған қысқартылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есеп саясаты, 2022 жылғы 1 қаңтарға күшіне еніп қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

2022 жылы Топ төменде келтірілген түзетулерді алғаш рет қолданды, бірақ олар оның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Ауыртпалықты шарттар - шартты орындауға арналған шығындар» – 37 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер

Еріксіз шығындар шарт бойынша міндеттерді орындауға оның орындалуынан күтілетін экономикалық пайдадан асатын (яғни, Топ алдын ала алмайтын шартқа байланысты шығындар) шарт ауыртпалық түсіретін шарт болып табылады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

Түзетулерде шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде ұйым қосымша шығындарды (мысалы, еңбекке ақы төлеуге және материалдарға арналған тікелей шығындар), сондай-ақ шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды (мысалы, осы шартты орындау үшін пайдаланылатын жабдықтың амортизациясы бойынша шығыстар, сондай-ақ шартты орындалуын сүйемелдеуге және бақылауға арналған шығындар) қамтитын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындарды ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі. Шартпен тікелей байланысты емес жалпы және әкімшілік шығындар оларды шарт бойынша контрагент ашық түрде өтеуге тиіс болған жағдайлардан басқа, ескерілмейді.

«Концептуалдық негіздерге» сілтемелер - 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер нәтижесінде ХҚЕС жөніндегі кеңестің бұрынғы «Концептуалдық негіздер» редакциясына сілтемелер осы құжатта қамтылған талаптарға елеулі өзгерістер енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған қолданыстағы «Концептуалдық негіздер» редакциясына сілтемелерге ауыстырылды.

Түзетулер нәтижесінде «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін «Бизнестерді біріктіру» 3 ХҚЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелері қосылды. Осы ерекшелікке сәйкес «Концептуалдық негіздердің» ережелерін қолданудың орнына ұйымдар сатып алу күніне міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін ХҚЕС (IAS) 37 критерийлерін немесе 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмелерін қолдануы тиіс.

3 ХҚЕС (IFRS) мәтініне жасалған түзетулер нәтижесінде, сондай-ақ сатып алу күніне шартты активті тануға жол берілмейтінін түсіндіретін жаңа параграф қосылды.

16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

Бұл түзетулерге сай ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салынған. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды.

«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым

Бұл түзетуге сәйкес 1 ХҚЕС (IFRS) D16 (а) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым, егер шоғырландыру және бизнестерді біріктіру нәтижелерін көрсету мақсатында ешқандай түзетулер жасалмаса, бас ұйымның ХҚЕС-ке көшу күнін негізге ала отырып, бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы, әрі соның аясында бас ұйым аталған еншілес ұйымды сатып алды. Бұл түзету 1 ХҚЕС-тің (IFRS) D16(а) тармағын қолдануды шешкен қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қолданылады.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы

Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС (IAS) үшін ұқсас түзету көзделмеген.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету - әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу

Бұл түзету ұйымдардың есепке 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын активтердің әділ құнын бағалау кезіндегі салық салумен байланысты ақша ағындарын есепке алмайтындығы туралы 41 ХҚЕС-тің (IAS) 22-тармағындағы талапты алып тастайды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

Негізгі құралдар мен тиісінше жинақталған тозу мен құнсыздану былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Газ активтері	Ғимарат мен құрылыс-жайлар		Газ көлік жүйесі	Жабдық құралдары	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
			Жабдық құралдары	Көлік құралдары						
Бастапқы құн										
2021 жылғы										
31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	539.559	47.867.725	97.310.875	723.957.060	362.703.589	24.237.233	9.546.132	46.709.236	1.312.871.409	
Түсімдер	12.881	1.888.330	157.430	371.167	272.709	179.947	21.180	32.577.381	35.481.025	
Бағалаудағы өзгерістер (18-ескертіле)	-	(374.498)	-	(39.328.949)	-	-	-	-	(39.703.447)	
Аударымдар	-	536	480.944	3.354.255	2.666.855	20.962	51.367	(6.574.919)	-	
Шығулар	-	-	(2.864)	(93.615)	(68.652)	-	(29.786)	-	(194.917)	
2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	552.440	49.382.093	97.946.385	688.259.918	365.574.501	24.438.142	9.588.893	72.711.698	1.308.454.070	
Жинақталған тозу және құнсыздану										
2021 жылғы										
31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	-	(14.489.911)	(23.122.708)	(144.988.162)	(102.297.496)	(19.627.112)	(5.697.106)	(4.768.607)	(314.991.102)	
Кезеңдегі аударымдар	-	(722.269)	(1.477.719)	(8.976.636)	(7.298.428)	(663.372)	(281.039)	-	(19.419.463)	
Құнсыздану резервін есептеу	-	-	-	-	-	-	-	(451.217)	(451.217)	
Аударымдар	-	(250)	-	(2.597)	4.014	(40)	(1.127)	-	-	
Шығулар	-	-	2.259	23.716	65.044	-	29.383	-	120.402	
2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	-	(15.212.430)	(24.598.168)	(153.943.679)	(109.526.866)	(20.290.524)	(5.949.889)	(5.219.824)	(334.741.380)	
Қалдық құны										
2021 жылғы										
31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	539.559	33.377.814	74.188.167	578.968.898	260.406.093	4.610.121	3.849.026	41.940.629	997.880.307	
2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	552.440	34.169.663	73.348.217	534.316.239	256.047.635	4.147.618	3.639.004	67.491.874	973.712.690	

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Түсімдер**

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен 19.253.552 мың теңге сомаға автоматтандырылған газды бөлу станцияларының қондырғысымен магистральдық газ құбыры-ілімін салуға және 13.509.587 мың теңге сомаға компрессорлық станциямен бірге магистральдық газ құбырын салуға арналған шығындармен байланысты болды.

Аударымдар

Пайдалануға берілген негізгі құралдардың едәуір бөлігі магистральдық газ құбырын, газ тарату станциясына бұрылатын газ құбырын күрделі жөндеудің аяқталуымен және негізгі құралдардың тиісті объектілерін пайдалануға қосумен байланысты болды.

Басқасы

2022 жылғы 30 маусымға пайдаланудағы өзін-өзі толық амортизациялаған негізгі құралдардың құны мен тиісті жинақталған амортизациясы 18.661.731 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 18.752.085 мың тең).

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топ 611.995 мың теңге мөлшерінде қарыздар бойынша пайыздық шығыстарды негізгі құралдардың құрамына капиталдандырды (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 67.596 мың теңге).

5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларға мыналар кірді:

Мың теңгемен	АГҚ	БШГ	АГ	ОГ	Түркістан ПМУ	Жиыны
2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	504.807.299	181.141.172	1.057.813	210.139	–	687.216.423
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес	143.191.635	25.976.437	99.893	–	–	169.267.965
Бірлескен кәсіпорынның басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	161.126	–	–	–	–	161.126
Ақшалай салым	–	–	–	–	80	80
Жұмсалмаған пайданы элиминациялау	–	(1.174.434)	–	–	–	(1.174.434)
Дивидендтер (25-ескертуге)	(70.949.058)	(11.764.706)	(27.058)	–	–	(82.740.822)
2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	577.211.002	194.178.469	1.130.648	210.139	80	772.730.338

2021 жылы Топ 210.139 мың теңге мөлшерінде ОГ жарғылық капиталына ақша қаражатымен жарна жасады.

6. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Мың теңгемен	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		
Үшінші тараптарға берілген аванстар	39.959.285	63.155.509
Байланысты тараптарға берілген аванстар (25-ескертуге)	5.807	5.807
Ықтимал орындалмау резервін шегере отырып	(275.487)	(275.487)
	39.689.605	62.885.829

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****6. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР (жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Айналымдағы активтер мен қызметтер үшін берілген аванстар		
Үшінші тараптарға берілген аванстар	7.175.954	17.449.265
Байланысты тараптарға берілген аванстар (25-ескертпе)	10.003	4.703
Ықтимал орындалмау резервін шегере отырып	(50)	(50)
	7.185.907	17.453.918

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша үшінші тараптарға ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстарға, негізінен, магистральдық газ құбырларын салуға және күрделі жөндеуге 36.454.864 мың теңге мөлшеріндегі аванстар жатады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 59.450.536 мың теңге).

7. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПҚА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тарапқа берілген қарыздарға мыналар жатады:

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері		
Байланысты тарапқа берілген пайыздық қарыздар	188.692.109	175.137.014
Плюсы: алынуға жататын пайыздар	2.623.344	2.461.648
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(938.246)	(938.246)
	190.377.207	176.660.416
Қысқа мерзімді бөлікті шегергенде (25-ескертпе)	(2.623.344)	(2.461.648)
Ұзақ мерзімді бөлік (25-ескертпе)	187.753.863	174.198.768

**8. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН ҚҚС ЖӘНЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША
АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ**

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Өтелуге жататын ҚҚС	126.920.157	100.925.924
Мүлікке салынатын салық	405.428	598.225
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	124.439	92.225
	127.450.024	101.616.374
Минусы: орны толмайтын ҚҚС бойынша резерв	(14.514.197)	(14.513.692)
	112.935.827	87.102.682
Ұзақ мерзімді бөлік	77.732.610	51.259.217
Қысқа мерзімді бөлік	35.203.217	35.843.465

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****9. БАНК САЛЫМДАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Өтеу мерзімі бес жылдан асатын теңгемен банктік депозиттер	2.966.167	3.230.502
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(3.816)	(13.597)
Ұзақ мерзімді бөлік	2.962.351	3.216.905

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейін болатын АҚШ долларындағы банк салымдары	49.858.024	12.951.419
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейін болатын теңгемен банктік депозиттер	93.193	61.537
Қысқа мерзімді бөлік	49.951.217	13.012.956

2022 жылғы 31 маусымдағы жағдай бойынша жылдық 1% (2021 жыл: жылдық 1%) мөлшерлеменен 2.966.167 мың теңге сомадағы банктік депозиттер Топ жұмыскерлеріне «Қазақстан Халық банкі» АҚ берген тұрғын-үй несиелері бойынша кепілдіктер ретінде орналастырылған және пайдалануы шектелген (2021 жылғы 31 желтоқсан: 3.230.502 мың теңге).

2022 жылғы 30 маусымға депозиттер 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге АҚШ долларында жылдық 0,15-1% (2021 жыл: 0,15-1%) пайыздық мөлшерлеме бойынша банктерде орналастырылған.

10. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Шетел валютасындағы ағымдағы шоттар	190.163.029	143.929.642
Теңгемен ағымдағы шоттар	90.517.848	87.165.169
Шетел валютасындағы қысқа мерзімді депозиттер	63.260.828	122.189.302
Теңгемен қысқа мерзімді депозиттер	58.130.981	29.387.306
Жолдағы ақша қаражаты	995.870	4.571
Кассадағы қолма-қол ақша	901	28.394
	403.069.457	382.704.384

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша салымдар банктерде теңгемен жылдық 7,25-12,5% (2021 жылғы 31 желтоқсан: 7,25-8,2%) және шетел валютасында 0,13%-0,7% (2021 жылғы 31 желтоқсан: 0,13%-0,7%) етіп пайыздық мөлшерлемелерге орналастырылды.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаты бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгемен жылдық 0,1% (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 0,1%) және шетел валютасында нөл пайыз болды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****11. ҚОРЛАР**

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Газ қорлары (сатып алу құнынан және өткізудің таза құнынан ең азы бойынша)	47.058.778	33.767.501
Материалдар мен қорлар (сатып алу құнының ең азы және өткізудің таза құны)	4.803.336	2.456.565
	51.862.114	36.224.066

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді. Құны 2.749.178 мың теңге газ қорлары өзіндік құнынан төмен таза өткізу құны бойынша көрсетілген.

12. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	301.181.351	175.100.019
Байланысты тараптардың басқа да дебиторлық берешегі (25-ескертпе)	54.631.794	6.779.321
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (25-ескертпе)	40.438.111	8.483.734
Үшінші тараптардың өзге дебиторлық берешегі	5.634.929	3.955.850
	401.886.185	194.318.924
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(8.341.804)	(3.886.358)
	393.544.381	190.432.566

Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Дербес негізде құнсызданған
2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	(3.886.358)
Бір жылға есептеу	(4.630.492)
Шетел валюталарын қайта есептеу	(76.469)
Қалпына келтірілгені	251.515
2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	(8.341.804)

2022 жылғы 30 маусымға және 2021 жылғы 31 желтоқсанға сауда және басқа да дебиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
АҚШ доллары	275.861.376	122.162.294
Теңге	117.683.005	68.270.272
	393.544.381	190.432.566

Сауда және басқа да дебиторлық берешек пайызсыз болып табылады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****13. САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР**

2022 жылғы 31 мамырда Топ БШГ-ке «Арал» газ компрессорлық станцияны 42.726.460 мың теңгеге сатты. Осы активті сату нәтижесінде Компания басқа операциялық кірістер құрамында 1.174.434 мың теңге мөлшерінде, БШГ жұмсалмаған пайдасының элиминациясын ескере отырып (5-ескертіп), сатуға арналған активтердің шығуынан түскен кірісті таныды.

14. КАПИТАЛ

	Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны)					
